

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ

«Бекітемін»  
Экономика және құқық  
институтының Академиялық  
сапа комитетінің төрағасы  
А.Ж.Исаева  
«1» \_\_\_\_\_ 2025 ж.

ДАМУ ЖОСПАРЫ  
8D04142-«Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының  
2025-2029 жылдарға арналған

Қызылорда, 2025 жыл

БЕКІТІЛДІ

Экономика және құқық институтының Академиялық сапа комитетінің отырысында


хаттама № 1 «1» 09 2025 ж.

Төраға  А.Ж.Исаева  
(қолы)

ҚАРАЛДЫ

«Қаржы, есеп және аудит» БББ отырысында

хаттама № 1 «1» 09 2025 ж.

БББ жетекшісі  А.А.Макенова  
(қолы)

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫН ӨЗІРЛЕУГЕ  
НЕГІЗ:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2025–2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.

## 1. БББ әзірлеушілер

БББ әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшелері	«Bereke Bank» АҚ – Қызылорда филиалы бөлімшесінің басшысы Жетпісбай А.Ж.
БББ бойынша жұмыс берушілер кеңесінің мүшелері	«DALATEX» ЖШС, «Жаннур-Орда» ЖШС, «БИС KZ Қиыршық Тас» ЖШС.
Негізгі жұмыс берушілер	«Bereke Bank» АҚ, «DALATEX» ЖШС
Жұмыс берушілер қатарындағы Академиялық кеңес мүшелері	«Bereke Bank» АҚ – Қызылорда филиалы бөлімшесінің басшысы А.Ж.Жетпісбай, «DALATEX» ЖШС – директор Д.М.Абизов
БББ шеңберінде ынтымақтастық жүзеге асырылатын негізгі ұйымдар мен кәсіпорындар	«Bereke Bank» АҚ, «DALATEX» ЖШС
Кафедра филиалдары	«DALATEX» ЖШС, «Жаннур-Орда» ЖШС, «БИС KZ Қиыршық Тас» ЖШС.

### Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

8D04142 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау 03.08.2020 ж. № KZ28LAA00018515 лицензиясының негізінде, ҚР ҒЖБМ лицензиялар тізілімінің деректеріне және Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламасы 2025–2029 жылдар кезеңіне сыртқы сараптамалық бағалаудан және институционалдық аккредиттеуден өтті, бұл бағдарламаның белгіленген сапа талаптары мен кәсіби стандарттарға сәйкестігін растайды.

«Есеп және аудит» кафедрасы осы білім беру бағдарламасы бойынша шығарушы болып табылады.

БББ жүзеге асырылуы университет миссиясына сәйкес жүргізіледі және экономиканы цифрландыру және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігіне интеграциялау жағдайында жаңа буынның бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлауға бағытталған.

Бағдарлама бухгалтерлік есеп, аудит, қаржылық талдау және цифрлық есеп-талдау жүйелері саласында дербес ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметті жүзеге асыра алатын философия докторларын (PhD) даярлауға бағдарланған.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – есеп пен аудит теориясы мен әдіснамасын терең меңгерген, зерттеушілік құзыреттерге, халықаралық стандарттарды (ХҚЕС, ХАС) және заманауи цифрлық технологияларды қолдану дағдыларына ие жоғары білікті философия докторларын (PhD) даярлау.

Бағдарлама БББ паспортын, мақсаттары мен міндеттерін, оқу нәтижелерін, пәндердің сипаттамасын және элективті пәндер каталогын қамтиды. Оқу нәтижелері Дублин дескрипторлары негізінде қалыптастырылады және зерттеушілік, талдамалық және басқарушылық құзыреттерді дамытуға бағытталған.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

## 2. Ағымдағы жағдайды талдау

8D04142 «Есеп және аудит» БББ бойынша білім беру процесі бухгалтерлік есеп, аудит және қаржылық талдау саласында ғылыми дәрежесі мен практикалық тәжірибесі бар білікті профессор-оқытушылар құрамымен қамтамасыз етіледі.

Докторантурада оқу сабақтарын жүргізеді:

- Наурызбаев А.Ж. – экономика ғылымдарының кандидаты;
- Оралбаева А.Ж. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;
- Бухарбаева А.Ж. – философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор.

Білім беру бағдарламасын іске асыруға докторанттарды даярлаудың пәнаралық сипатын қамтамасыз ететін университеттің басқа кафедраларының оқытушылары тартылады:

- Алмаутова А.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, университеттің қауымдастырылған профессоры;
- Абасилов А.М. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

Профессор-оқытушылар құрамы ғылыми-зерттеу қызметін белсенді жүзеге асырады, рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланады және ғылыми жобаларды іске асыруға қатысады.

Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің қатысуымен қалыптастырылады және кәсіби орта мен еңбек нарығының талаптарына бағдарланған. БББ мазмұны мен даму бағыттарын талқылауға кафедра филиалдары және практика базалары болып табылатын кәсіпорындардың өкілдері қатысады:

- «DALATEX» ЖШС;
- «Жаннур-Орда» ЖШС;
- «БИС KZ Қиыршық Тас» ЖШС;

– «Bereke Bank» АҚ.

Жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл бағдарламаның мазмұнын өзектендіруді, даярлаудың практикаға бағытталған компоненттерін дамытуды және ғылыми зерттеулердің қолданбалы маңыздылығын арттыруды қамтамасыз етеді.

Кафедрада «1С: Кәсіпорын» оқу орталығы жұмыс істейді, есеп және аудит саласында заманауи цифрлық құралдар мен мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету пайдаланылады.

### 3. SWOT-анализ

<b>S – Күшті жақтары (Strengths)</b>	<b>W – Әлсіз жақтары (Weaknesses)</b>
<p>Дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамы</p> <p>ППҚ-ның елеулі ғылыми және практикалық тәжірибесі</p> <p>Электрондық кітапханалық ресурстарға қолжетімділік</p> <p>Халықаралық деректер базаларына қолжетімділік (Scopus, Web of Science және т.б.)</p> <p>Цифрлық технологиялар мен аналитикалық құралдарды пайдалану</p>	<p>Докторанттар контингентінің шектеулілігі</p> <p>Шетелдік тағылымдамаларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі</p> <p>Бағыт бойынша жеке ғылыми журналдың болмауы</p> <p>Шетелдік консультанттарды тарту мүмкіндігінің шектеулілігі</p> <p>Шетелдік деректер базаларына жазылудың тұрақсыздығы</p>
<b>О – Мүмкіндіктер (Opportunities)</b>	<b>T – Қауіптер (Threats)</b>
<p>Аудит және қаржылық бақылау саласында мамандарға сұраныстың өсуі</p> <p>Экономиканы цифрландыру және Big Data дамуы</p> <p>Гранттық ғылыми жобаларға қатысу</p> <p>Халықаралық ынтымақтастықты дамыту</p> <p>Қаржылық есептіліктің ашықтығына қойылатын талаптардың күшеюі</p>	<p>Жетекші жоғары оқу орындары тарапынан бәсекелестіктің күшеюі</p> <p>Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың қысқаруы</p> <p>Халықаралық журналдарға қолжетімділіктің шектелуі</p> <p>Нормативтік-құқықтық базаның өзгерістері</p> <p>Білім алушылардың ғылыми қызметке мотивациясының төмендеуі</p>

#### 4. Негізгі тәуекелдер және оларды азайту шаралары

Тәуекел атауы	Мүмкін салдарлар	Басқару шаралары
Бағыт бойынша КОКСНВО МНВО РК ұсынған тізбеге енгізілген жоғары оқу орнының ғылыми журналының болмауы	Докторлық зерттеулер нәтижелерін уақтылы жариялауға байланысты тәуекелдер	Шетелдік ғылыми басылымдарға мониторинг жүргізу, журналдармен ынтымақтастықты кеңейту
Шетелдік ғылыми консультанттың қызметіне ақы төлеудің қарастырылмауы	Шетелдік ғылыми жетекшілерді тартуда қиындықтар	Гранттар мен халықаралық жобалар арқылы қаржыландыру тетіктерін іздеу
Шетелдік деректер базаларына (Scopus, Web of Science) шектеулі қолжетімділік	Ғылыми зерттеулер сапасының және жарияланым белсенділігінің төмендеуі	Жазылымды кеңейту және докторанттар үшін қолжетімділікті жүйелеу
Докторанттар қабылдауының төмендігі	БББ іске асыру тиімділігінің төмендеуі	Магистранттар арасында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу
Ғылыми тағылымдамаларды қаржыландырудың жеткіліксіздігі	Халықаралық интеграцияның шектелуі	Гранттар мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу
Білім алушылардың жарияланым белсенділігінің төмендігі	Диссертация қорғау мерзімдерінің баяулауы	Мақалаларды дайындау бойынша ғылыми семинарлар мен консультациялар өткізу
Жұмыс берушілермен өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі	Зерттеулердің практикалық бағыттылығының төмендеуі	Аудиторлық және консалтингтік компаниялармен шарттар жасасу

#### 5. БББ дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері және оларға қол жеткізу жолдары

8D04142 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының мақсаты – бухгалтерлік есеп, аудит және қаржылық талдау саласында заманауи ғылыми-зерттеу және кәсіби құзыреттерге ие, дербес ғылыми, педагогикалық және талдамалық қызметті жүзеге асыра алатын философия докторларын (PhD) даярлау.

БББ міндеттері:

- есеп, аудит және цифрлық технологиялар саласында жүйелі білім қалыптастыру;
- докторанттардың зерттеушілік және педагогикалық құзыреттерін дамыту;
- ғылыми талдаудың заманауи әдістерін және академиялық мәдениетті меңгеру.

БББ дамыту мақсаттары:

- еңбек нарығы талаптарына сәйкес даярлау сапасын арттыру;
- цифрландыру және халықаралық стандарттарды ескере отырып, бағдарлама мазмұнын жаңғырту;
- бағдарламаның ғылыми және кәсіби беделін нығайту.
- Іске асырудың негізгі бағыттары:
- білім беру контентін жаңарту және цифрлық технологияларды енгізу;
- кадрлық әлеуетті дамыту және профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру;
- жұмыс берушілермен және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту;
- ғылыми жобалар мен халықаралық іс-шараларға қатысу.

Басқару тетіктері:

- мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуді мониторингтеу;
- ішкі сапа бақылауы;
- нәтижелерді бағалауға жұмыс берушілер мен сыртқы сарапшыларды тарту.

## **6. 2029 жылға дейін жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер**

2029 жылға дейін жоспарды іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- білім алушылар контингентін ұлғайту және бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- білім беру бағдарламасының ұлттық және халықаралық деңгейлерде беделін нығайту;
- профессор-оқытушылар құрамы мен докторанттардың Scopus, Web of Science және ҚР МНВО КОКСНВО деректер базаларында индекстелетін басылымдардағы жарияланым белсенділігінің өсуі;
- докторанттардың халықаралық тағылымдамаларға, конференцияларға және ғылыми іс-шараларға қатысуын кеңейту;
- білім беру процесіне заманауи цифрлық және талдамалық технологияларды енгізу.

Жоспарды іске асыру бағдарламаның тұрақты дамуын, «Есеп және аудит» бағыты бойынша философия докторларын (PhD) даярлау сапасын арттыруды және кәсіби әрі ғылыми ортамен өзара іс-қимылды нығайтуды қамтамасыз етеді.

**3. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспары 2025–2029 жылдарға**

Мақсатты индикаторлар	Ед. изм.	2025	2026	2027	2028	2029	
<b>Стратегиялық бағыт 1. Академиялық артықшылық</b>							
<b>1. Білім беру қызметтерінің сапасын арттыру</b>	Бухгалтерлік есеп, аудит және қаржылық аналитика бойынша MOOK әзірлеу (соның ішінде COURSERA платформаларында )	ед.	1	1	1	1	1
	БББ-ның есеп және аудит саласындағы кәсіби стандарттарға сәйкестігі	%	100	100	100	100	100
	Бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіби қауымдастықтарының БББ сараптамасына қатысуы	ед.	1	1	1	1	1
	БББ әзірлеуге тартылған жұмыс берушілер саны (аудиторлық компаниялар, кәсіпорындар)	ед.	3	3	3	3	3
	БББ-ның кемінде 5 жыл мерзімге халықаралық аккредитациядан өтуі	да/нет	-	-	да	-	-
	БББ бойынша постаккредитациялық мониторингтің сәтті өтуі	да/нет	-	-	-	да	-
	Есеп және аудит	ед.	-	1	-	-	-


	бағыты бойынша шетелдік докторантуралар базасын құру						
	БББ-ның оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілуі	%	100	100	100	100	100
	Біліктілікті арттырудан немесе шетелдік тағылымдамадан өткен ППҚ үлесі	%	30	40	40	65	75
<b>2. Сапалы білімнің қолжетімділігі н қамтамасыз ету</b>	Ағылшын тілінде сабақ жүргізетін ППҚ үлесі	%	60	60	60	70	70
	Диссертацияны сәтті қорғаған БББ түлектерінің үлесі	%	-	-	-	-	30
	Білім алушылардың оқыту сапасына қанағаттану деңгейі	%	80	80	85	85	90
	Халықаралық стандарттар бойынша аккредиттелген БББ пайызы	%	100	100	100	100	100
<b>Стратегиялық бағыт 2. Зерттеулер мен инновациялардағы көшбасшылық</b>							
<b>1. Ғылыми бағыттарды, сараптаманы және инновацияларды дамыту</b>	Scopus және Web of Science басылымдарындағы ППҚ жарияланымдарының саны (бір ППҚ-ға шаққанда)	ед.	2	2	2	3	3
	Бухгалтерлік есеп және аудит бойынша монографиялар саны	ед.	0	0	1	1	1
	БББ бағыты	ед.	1	1	1	2	2

	бойынша ҒЗЖ және гранттық жобалар саны						
	Оқу-әдістемелік құралдар саны (қаз., рус., англ.	ед.	1	1	1	1	1
<b>2. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру</b>	Есеп және аудит саласындағы стартап-жобалар мен консалтингтік бастамалар саны	ед.	-	-	1	1	1
<b>Стратегиялық бағыт 3. Университеттің үшінші миссиясы</b>							
<b>1. Барлығы үшін білім беру</b>	БББ экожүйесіне білім алушылар мен оқытушылардың қанағаттану деңгейі	%	70	75	80	85	85
	Академиялық ұтқырлыққа тартылған білім алушылар үлесі	%	0	15	20	25	30
<b>Стратегиялық бағыт 4. Университеттің тұрақты дамуы</b>							
<b>1. Контингент</b>	Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алушылар саны	чел.	2	3	3	3	4
	Докторанттар контингентінің сақталуы	%	95	96	97	98	98
	Сәтті қорғалған докторлық диссертациялар үлесі	%	-	-	-	-	75
	БББ білім алушыларының білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану деңгейі	%	80	85	90	95	95
<b>2. Интернационалдандыру</b>	Шетелдік білім алушылар үлесі	%	0	2	3	3	4
	Тартылған	чел.	-	-	1	1	1

	шетелдік профессорлар мен консультанттар саны						
<b>3. Қаржылық даму</b>	Материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілуі	%	80	85	86	87	90

Жоспар кафедра отырысында қаралып, мақұлданды (01.09.2025 ж. № 1 хаттама)

БББ жетекшісі  
«Қаржы, есеп және аудит»



А.А.Макенова